

Қазақ поэзиясының корнекті өкілі, аса дарынды дарабоз ақын, Халықаралық Алаш сыйлығының иегері, жерлесіміз Дәуітәлі Стамбековтің туғанына 60 жыл.

Прошу ко мне относится критически, но уважительно.  
Поэты сорокалетние у нас, на Руси—долгожители.  
Но как мне сполна расплатиться за славу, с избытком отпущенную,

за то, что я стал должжителем,  
за то, что я старше Пушкина?!

Евгений Евтушенко.

\*\*\*\*\*

Оққа да тостың кеуденді,  
Енді ешкім сені қинамас.  
Осынау жұмыр жерге енді,  
Келмейді сендей бұйра бас.  
Д.Стамбекұлы.



Сен Ақтоғайдан шыққан керім едің. Дәлірек айтқанда, Тоқырауындай өзені бар, Шатыршадай кезені бар, Аюлының етегіне, Қарағандының жетегіне бейіл «Қоңырат» ауылында өмірге келген едің. Байтақ қазақ даласында Ақтоғай атты жер көп. Бірақ біздің Ақтоғайдай қайдан болсын?! Бұл—күре тас жолдар түсіне де кірмеген, темір жолдар тұсына да маңайламаған, әуе жолы теріс айналып кеткен және содан еш жамандық көрмеген, керісінше, әлгіндей жолдармен

жету үшін әр жүз түйеден кейін бір атанның көзін кеміретіп, ноғалалап, меже белгілеген ғой. Сол есеппен алғанда арғы нағашың қайтқанда тұсына алты жүз атан байланғанына иланбасақ та, алпыс атан бұйдаланғанына сенерміз. Азалы ат үстінде жетім-жесірге жетектетіп жіберу үшін бөлінген осынша мал да аз дүние емес-ау. Ал сенің атағы осындай дәулетімен емес, қыл қобызды күңіреткен өнерімен шыққан, есімі өнер энциклопедиясына енген бертіндегі нағашың—Өшірбек ақсақалды қайда қоярмыз? Бұған әріден

# Осынау жұмыр жерге енді келмейді сендей бұйра бас...

Естелігімнің тақырыбы сенің «Пушкин рухымен сырласу» атты туындынан осы өлең жолдарын таңдап алып отырмын. Бұл дүние өзің асығыс аттанып кетердің аз-ақ алдында жазылған екен.

Енді қарап отырсам, ұлы Пушкинге ғана емес, Пушкинше бұйра шашы иығына төгіліп, Пушкинше бұрқыратып өлең жазған, Пушкинше кара плащ, кара шляпасын киініп, Пушкинше бақиға шұғыл бет түзеген өзіне де арналып жазылған дүниедей екен. Айырмасы—ұлы ақын серттен өлсе, сен дерттен өлдің...

сіністі күйін кешкен пақырмын.

Беу, Дәуітәлі Мәдібекұлы Стамбеков, екеуіміз тірлікте қанша кездеспедік, қанша сөйлеспедік?! Екі үйдің аяқ-табағын араластырып тастап, ісі қазақтың бір-бірінде бір омыртқа сыбағасы бар екенін кара қазанның бүлкілімен дәлелдеп, қаншама ой көрігін қыздырмадық, сезім желігін желбіретпедік?! Ауық-ауыз «Жетісу-2» мен «Қазақфильмнің» арасын шаңға бөктіріп, шақырысып тұрмасақ, әңгімедүкен құрмасақ, көңіліміз көншімейтін. Бұл—біздің бір-бірімізді біліскен немесе білуге

## (Дос сыры)

ныңың шалғайынан шыққаныңды айғақтап тұратын. Жалпы, сенің туа бітті қазақы болмысың түптің-түбінде қаланың табытына түсуге көнгенімен, қалыбына түсуге көнбеген күйі сызатсыз кетті.

Сен өзіңнің «Салыстырмалы шындық» деген өлеңінде:

Мен әккілеу болармын,

Өзің пәксің, далам-ау.  
Айырмасы олардың  
Бізден гөрі балалау.  
Сәбилігі жоғалған

ілесіп келер бейәдеп атаулыдан ада, жері жомарт, елі мәрт мамыражай мекен.

Бұл—аудан болып ән салып, ауыл болып күй шертіп, жасының аузынан нақыл, жасамысының көмейінен ақыл төгілген топырақ. Бір шәугім шәйін бір ән айтып алмай ішпейтін, іргеден самал ессе, есіктегі сәбиі уілдей жөнелетін басқа бір Ақтоғайды тапсаң, көпсінбеспін. Бірақ таппассың. Тапқан күнде де, бәрін болмаса да, біраз әнін, біраз күйін табарсың, біраз серілігі мен біраз жомарттығын табарсың. Тағы сондай қасиеттерімен еншілес өрнектеріне жолығарсың.

жеткен алтын арқауды үзбей көмейіне бұлбұл ұялаған анан мен өміріңнің қайратқа толы күндерін елге қызмет етіп, ат үстінде өткізген әкең Мәдекеңнің алғыр қасиеттерін қоссақ, ақын болмаған күнде айтулы бір азамат болып қалыптаспауға әддің жоқ-ты.

Бірақ сен өлеңнің жолын өбектеп Алматы астың. Сондағы бар сүйенгенің—өлеңің, таянғаның—талантың болатын. Арман-мұратқа жету үшін мұның аздық ететінін сезбедің демеймін. Тірек іздеу, сүйеніш сағалауға келгенде тікірейе қалатын мінезің болуы еді. Әзір бойы сол

